

**Балабақшада жаңа  
технологияларды қолдану  
әдістері**

*Әдістемелік құрал*

**Балабақшада жаңа  
технологияларды қолдану  
әдістері**

*Әдістемелік құрал*

**Құрастырушы:**

*Түркістан қаласындағы «Керемет»  
бастауыш-балабақша кешенінің  
ересек тобының тәрбиешілері*

Алматы 2020

## ҒАРЫШҚА САПАР. Ғ ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ

Ұ  
**ҮЗДЕНБАЕВА МЕРУЕРТ ДЖУМАБАЕВНА,**  
**«Керемет» бастауыш-балабақша кешенінің**  
**ересек тобының тәрбиешісі**

<b>ҰОҚ-ның мақсаты</b>	0.1.1.1 Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. 0.1.1.2 Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ( <i>дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар</i> ) ажыратып, дұрыс дыбыстау. 0.3.3.1. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.
<b>Күтілетін нәтиже</b>	<b>Барлық тәрбиеленушілер:</b> Сурет желісі бойынша сұраққа жауап беріп, әңгіме құрайды. Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтарады. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ( <i>дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар</i> ) ажыратады. <b>Ғ</b> дыбысы – ұяң дауыссыз дыбыс, <b>ғ</b> дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Суреттегі заттардың аттарын атай алады, сөздегі <b>ғ</b> дыбысының орнын ажыратады. <b>Ғ</b> әрпінің баспа түрін жазады. <b>Көпшілік тәрбиеленушілер:</b> Тыңдалған мәлімет/хабарламаны тірек сызба, иллюстрация көмегімен мазмұндайды. Берілген суретке қарап сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін ( <i>дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар</i> ) ажыратып, талдау жасай алады.

	<b>Ғ</b> дыбысына сөз құрайды. Сөздегі дыбыс санын, ондағы <b>ғ</b> дыбысының орнын ажыратады. Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолданады. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, <b>ғ</b> әрпінің элементтерін жазады. <b>Кейбір тәрбиеленушілер:</b> Суретті кітаптардан қажетті ақпаратты табады. Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысады. Сөз/сөйлем сызбасын оқиды. <b>Ғ</b> дыбысын қатыстырып, сөз/сөйлем құрастырады. Сөйлем сызбасының соңына тиісті тыныс белгілерін қояды: ( <i>нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі</i> )	
<b>Тілдік мақсат</b>	<b>Тәрбиеленушілер:</b> Сұраққа жауап бере отырып, әңгіме құрастырады. Сөйлем сызбасын салып, сөздердің санын анықтайды. Сөздерді буынға бөліп дыбыстық талдау жасайды. <b>Негізгі терминдермен сөз тіркестері:</b> Ғаламат, ғарыш, ғарышкер. <b>ҰОҚ-дағы тапсырмалар мен диалогтерде қолданылатын тіл:</b> <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Өлеңді тыңдап, мазмұндайды. Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Сөзге дыбыстық талдау жаса. <b>Ғ</b> дыбысы сөздің қай жерінде естіліп тұр?	
<b>Алдыңғы оқыту</b>	Сөйлем құрастыр. Заттардың атын ата. Сөздерді буынға бөл. Сөздер қай дыбыстан басталып тұр? Дыбыстар қандай түстермен белгіленеді?	
Жоспар		
<b>Жоспардан-ған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Қызығу-шылық ояту 0-3 мин</b>	Педагог балалардың оқу қызметіне ынтасын тарту мақсатында шаттық шеңберге тұрғызып, ән ырғағымен,	Ғарышкерлер портреттері

Негізгі бөлім 4-12 мин	<p>кимылмен орындатқызу (Ұ) Педагог балаларға қазақтың алғашқы ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетовтың суреттерін көрсетіп әңгімелейді.</p> <p>Балаларға ғарышкерлер туралы бейнеролик көрсетіледі.</p> <p><b>(Ұ,Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс 1-тапсырма</b></p> <p>Өлеңді оқиды. Тоқтар Әубәкіров суретін қайталап балаларға көрсетеді. Сурет бойынша балалар өз ойларын айтады.</p> <p>Педагог сұрақ қояды.</p> <p>Ғарышқа кім ұшып барады? Сұраққа жауап бере отырып, балалар әңгімелеседі.</p>	<p>Әліппе-дәптер</p> <p>Бейнеролик тамашалау</p> <p>Сұрақтарға жауап беру</p>
	<p>13-27мин</p> <p>Балаларға Ғ әрпін түсіндіру. (Видео арқылы)</p> <p><b>2-тапсырма</b></p> <p>Сөзге дыбыстық талдау жасайды. Ғ дыбысы сөздің қай жерінде тұр? Ғарыш суретіне қарап, не көргендерін айтады.</p> <p><i>Ғаламшар, ғарыш, ғарышкер</i> сөздерін буынға бөліп, дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Ғ дыбысымен танысады. Сөздің бірінші буынында алдында естілетін дыбыс Ғ дыбысы екенін табады.</p> <p>Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс. Ғ дыбысының артикуляциясымен таныстырады.</p> <p><b>3-тапсырма.</b> Ұшатын, ұшпайтын қасиеттеріне қарап, заттарды бір-бірімен қосады.</p> <p>Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.</p>	<p>Видео тамашалау</p> <p>Қызыл, көк дөңгелектер</p> <p>Баяу музыка жазылған үнтаспа</p> <p>Әліппе-дәптер</p>

	<p><i>Шағала, ағаш, таға, шаңғы, торғай, қарға, қырғауыл</i> сөздерін буынға бөліп, оларды қатыстырып, сөйлем құрайды.</p> <p>Сөздердегі Ғ дыбысы естілген буынды табады.</p> <p><b>(Ұ) Сергіту сәті.</b></p> <p><b>(Ұ) Ойын: «Әріптеді табу»</b></p> <p>Әріптердің арасынан «Ғ» әрпін тауып, ілу</p> <p><b>4-тапсырма</b></p> <p>Педагог тактадағы Ғ әрпінің бейнесімен таныстырып шалғының суретімен салыстырады. Балалар Ғ әрпінің бейнесімен таныс болады.</p> <p>Ғ әрпінен басталатын сөз</p>	<p>Домино тастары</p> <p>Әліппе-дәптер</p>
	<p>ойлап айтады. Буынға бөледі.</p> <p>Ж. Әбдірашовтың ғ әрпі туралы өлеңін оқып, ғ әрпінің шалғыға ұқсайтынын айтады, суреттен көрсетеді.</p> <p><b>5-тапсырма</b></p> <p>Ғ әрпінің бейнесін пішініне қарап отырып, домино тастарынан жасайды. Ғ әрпінің баспа түрін жазады.</p>	
Рефлексия 28-30мин		

### К к ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ

**Мақсаты:** К к дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру; сөзге дыбыстық талдау жасату; оқуға, жазуға жаттықтыру. Балалардың сөздік қорын, тілін дамыту. Өз ана тілін, елін жерін сүйеге тәрбиелеу. Жазу дағдысына қолын жаттықтыру.

**Оқу іс-әрекетінің әдісі:** Түсіндіру, сұрақ-жауап.

**Оқу іс-әрекетінің көрнекілігі:** Суреттер, кеспе әріп, текшелер.